

"Наурыз мейрамы- көктемнің жарқын мерекесі! Салт-дәстүрлер. Руханилық. Бірлік. " атты тәрбиелік мерекелік іс-шараға арналған шетелдік студенттердің қатысуымен 2018 жылдың 16 наурызында 1 корпусстың 613 кабинетінде өткен "Шет тілдер" кафедрасының есеп беруі.

Мақсаты: махаббат тәрбиесі және қазақ халқының салт-дәстүрлеріне құрмет; студенттердің танымдық белсенділігі, патриотизмды халықтың мәдени мұрасы арқылы тәрбиелеу.

Тапсырмалар:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін меңгеруге қызықтыру.
2. Әр түрлі тілдерді құрметтеуге және оларды білу, меңгеру құлшынысына тәрбиелеу.

Наурыз мейрамы - Қазақстанда көктемдік жаңару мерекесі. Шығыс күнтізбесінде Наурыз - жаңа жылдың бастауы, күн мен түннің теңелуіне сәйкес келеді. Қазақтар үшін бұл мереке көктемгі жаңарудың, махаббат салтанатының, құнарлылық пен достықтың белгісі. Байырғы замандарда қазақтар Наурызды Ұлыстың ұлы күні деп атаған. Жұрт арасында: Наурыз мерекесі қаншалықты жомарт өтсе, жыл соншалықты қайырлы болады деген түсінік қалыптасқан.

2018 жылы Наурыздың 16 күні 1 корпусстың 613 кабинетінде (1-2 курстың 45 студенті қатысты) "Шет тілдер" кафедрасында ШТ кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к, доцент Джантасова Дамира Дулатовнаның, ШТ кафедрасының тәрбие ісі жауапкері Изотова Айгерим Сериковнаның, сонымен қатар ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері Ахмадиева Әйкерім Төлегенқызы мен Аткенова Айгерим Саятовнаның бастауымен, шетелдік студенттердің қатысуымен мерекелік іс-шара өтті.

Жүргізушілер (ТТ-17-1 тобынан Казбеков Данияр мен ГД-16-2 тобынан Кабденова Айна) мереке қонақтарымен, мұғалімдер және студенттермен 3 тілде сәлемдесті, ҚР әнұраны орындалды.

Қонақтардан бірінші болып ШТ кафедра меңгерушісі, п.ғ.к , доцент Джантасова Дамира Дулатовна мен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, АҚШ елшілігінің, English Language Fellow бағдарламасының өкілі, гуманитарлық ғылымның магистрі Бенджамин Тэйлор құттықтау сөзін сөйледі.

Жүргізушілер өлеңдер оқып, қонақтар мен студенттерге мереке туралы 3 тілде айтып берді.

1ші,2ші курстың талантты студенттері сахнада өнер көрсетті. Көрермендер әр көрсетілімді қошеметпен қарсы алды.

Бірінші болып Мет 17-1 студенті Кызырақынов Бексултан ТТ-17-студенті Айтуварұлы Асылбек пен РЭТ-17-1 студенті Отарбай Бахытжанның қазақ тілінде орындаған әнімен бірге күй тартты.

МАШ 16-1 тобының студенті Мағзұмбаев Алихан, гитарамен қолдаған ТТ-16-1 студенті Тугельбаев Маратпен дуэт болып "I'm not the only one" әнін орындады.

ТС-17-1 студенті Каирбекова Мадина өзбек биімен өнер көрсетті.

ИС-17-1 тобының студенттері Шангерей Наргиз бен Баянова Динур қазақша би биледі.

Ауғанстан студенттері өз туған жерлерінде Наурыздың қалай тойланатынын айтып берді. (С-17-2к Машаль Амруллах, ИС 17-1 Мохаммади Мохаммад Хасан)

С-17-3к тобының студенттері: Абдул Мобин, Дил Дар Шоабуллах, Попалзай Гулам Мохайддин, Хайдар Халед қазақ тілінде өлеңдер оқыды. Вала Зада Мохаммад Али (ИС 17-1 т.) парсы тілінде ән орындады.

БТ-15-5 тобының студенті Жандильдина Маржанның "Ақ жайнақ" әні орындалды.

Сонымен қатар жүргізушілер барлық қонақтарға "Туған жер" әнінің сөзін таратып, студенттер және мұғалімдермен бірге хормен ән орындады.

Мерекелік іс-шараның соңына қарай, жүргізушілер ҚР Тілдер Күнімен тағы бір рет құттықтады. Мерекелік іс-шараның барлық қатысушыларына грамоталар табысталды.

Қонақтар мен қатысушыларды қазақтың дәстүрлі тағамдарымен дәм татқызды. (бауырсақ, құрт, талқан)